

Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау тәртібі

Қылмыстық процесті жүргізетін орган өзіне белгіленген тәртіппен берілген құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) осы Кодекстің жалпы қағидалары бойынша орындайды.

2. Сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау кезінде, бұл Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен халықаралық шартында көзделсе, осы мемлекеттің процестік заңнамасының нормалары қолданылуы мүмкін.

3. Егер құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу (тапсырма, өтінішхат) орындалмайтын болса, алынған құжаттар оны орындауға кедергі болған себептер көрсетіле отырып, сұрау салушы тарапқа белгіленген тәртіппен қайтарылады.

Арнайы рұқсатты қажет ететін процестік әрекеттер

Егер сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау үшін тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап ететін процестік әрекетті жүргізу қажет болса, сұрау салушының заңнамасында бұл көзделмесе де, мұндай әрекет осы Кодексте көзделген тәртіппен тиісті санкция алынған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сұрау салушы тараптың өтініш жасаған материалдары осындай процестік әрекеттерді санкциялау туралы мәселені шешу үшін негіз болып табылады.

Сұрау салушы мемлекеттің құзыретті органдары *өкілдерінің қатысуы*

Осы Кодекстің талаптарына сәйкес қатысуға рұқсат берілген шет мемлекеттің құзыретті органының өкілі Қазақстан Республикасының аумағында қандай да бір процестік әрекеттерді өз бетінше жүргізуге құқылы емес. Мұндай өкілдер процестік әрекеттерді жүргізу кезінде қатысқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға тиіс.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген адамдардың процестік әрекеттерді жүргізу кезінде қатысуға және процестік әрекеттердің хаттамасына енгізілуге жататын, олардың жүргізілу тәртібі туралы арыз беруге және ескертулер енгізуге, тергеушінің, анықтау органының, прокурордың немесе соттың рұқсатымен сұрақтар қоюға, сондай-ақ жазбалар жасауға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып жасауға құқығы бар.

Құжаттарды табыс ету

Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу (тапсырма, өтінішхат) бойынша осы сұрау салуға (тапсырмаға, өтінішхатқа) қоса тігілген құжаттар мен шешімдер сұрау салуда (тапсырмада, өтінішхатта) көрсетілген адамға осы бапта белгіленген тәртіппен табыс етіледі

Тергеуші, анықтау органы, прокурор немесе сот құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау тұрғысынан құжаттарды тапсыру үшін адамды шақырады. Егер адам дәлелді себептерсіз келмесе, оған осы Кодексте көзделген тәртіппен күштеп әкелу қолданылуы мүмкін.

Тергеуші, анықтау органы, прокурор немесе сот құжаттардың адамға табыс етілгендігі туралы олардың табыс етілген жері мен күнін көрсете отырып хаттама жасайды. Хаттамаға құжаттар табыс етілген адам құжаттарды алу кезіндегі мәлімдемелерін немесе ескертулерін жазып, қол қояды. Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда бөлек растау қағазы да жасалады, оған құжаттарды алған адам және оны табыс етуді жүзеге асырған адам қолдарын қояды.

4. Адам табыс етілуге жататын құжаттарды алудан бас тартқан жағдайда, бұл туралы хаттамада көрсетіледі. Бұл ретте табыс етілуге жататын құжаттар табыс етілді деп есептеледі, бұл туралы хаттамада көрсетіледі.

5. Егер табыс етілуге жататын құжаттардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы болмаса және сұрау салуда (тапсырмада, өтінішхатта) көрсетілген адам білмейтін тілде жасалса, ол адамның құжаттарды алудан бас тартуға құқығы бар. Мұндай жағдайда құжаттар табыс етілген жоқ деп есептеледі

Уақытша беру

1. Егер қылмыстық іс бойынша айғақтар беру немесе өзге де процестік әрекеттерге қатысу үшін шет мемлекеттің аумағында күзетпен ұсталып отырған немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан және осы қылмыстық іс бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған адамның қатысуы қажет болса, қылмыстық процесті жүргізетін орган осы адамды Қазақстан Республикасына уақытша беру туралы өтінішхат жасайды.

2. Сұрау салынған тарап адамды уақытша беру туралы өтінішхатты қанағаттандырған жағдайда, мұндай адам ол берілген процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін шет мемлекетпен келісілген мерзімде қайтарылуға тиіс.

Уақытша берудің келісілген мерзімі жеткіліксіз болған кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган ол аяқталардан жиырма тәулік бұрын Қазақстан Республикасының орталық органына шет мемлекетпен келісу үшін көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішхат жібереді.

3. Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды күзетпен ұстау немесе оған бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы шешімі Қазақстан Республикасына уақытша берілген адамды Қазақстан Республикасында күзетпен ұстауға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жазасын өтеп жатқан адамды осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген шарттарды сақтай отырып, шет мемлекеттің құзыретті органының өтінішхаты бойынша шет мемлекетке уақытша беруге болады.

5. Адамды уақытша беру осы адамның жазбаша келісімі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасынан тыс жердегі адамды шақыру

Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүрген, шақырту бойынша келген куә, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері, сарапшы өзінің азаматтығына қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін орын алған іс-әрекет үшін немесе үкімдердің негізінде Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды, күзетпен қамауға алынбайды немесе оларға басқа да процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды.

Қазақстан Республикасынан тыс жердегі адам Қазақстан Республикасының аумағында процестік әрекеттерді жүргізу үшін, құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) негізінде шақыру қағазымен шақыртылады. Мұндай адам шақырту туралы күнібұрын хабардар етіледі. Күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан және сотталған адамнан басқа, шақыртылған адамға шақыруға байланысты шығыстардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі туралы хабарланады.

Мұндай адамдар, өздері шақырылған қылмыстық іске байланысты куә, жәбірленуші ретінде берген айғақтарына байланысты немесе сарапшылар ретіндегі қорытынды үшін сондай-ақ жауаптылыққа тартылмайды, күзетпен қамауға алынбайды немесе жазалауға ұшырамайды

Шақыртылған адам, егер ол қылмыстық процесті жүргізетін органның оның қатысуымен процестік әрекеттерді жүргізудің қажеті жоқтығы туралы жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он бес тәуліктің немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге мерзімнің ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпесе, немесе егер ол осы жерге өз еркімен қайтып келсе, осы бапта көзделген кепілдіктерден айырылады. Осы адам мүмкіндігі болып тұрса да, өз кінәсіне байланысты емес себеппен Қазақстан Республикасының аумағынан кете алмаған уақыт бұл мерзімге есептелмейді.

Бейнебайланыс орнату арқылы процестік әрекеттерді жүргізу

1. Шет мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша процестік әрекеттер мынадай жағдайларда:

1) шақыртылатын адамдардың шет мемлекеттің құзыретті органына келуі мүмкін болмаған;

2) адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де негіздер бойынша бейнебайланыстың көмегімен адамның тұрған жері бойынша жүргізіледі.

Егер процестік әрекетті жүргізу уақытында осы баптың екінші бөлігінде көзделген тәртіптің бұзылғандығы белгіленсе, қылмыстық процесті жүргізетін орган бұл туралы процестік әрекеттерге қатысушыларға хабарлайды және жол берілген бұзушылықтарды жою үшін шаралар қабылдау мақсатында оны тоқтата тұрады. Процестік әрекеттер рәсімге қажетті өзгерістерді сұрау салушы тараптың құзыретті органымен келіскеннен кейін ғана жалғастырылады.

5. Процестік әрекеттердің хаттамасы және бейнеақпаратты жеткізгіштер сұрау салушы тараптың құзыретті органына жіберіледі

. Бейнебайланыс жолымен процестік әрекеттер мұндай тәртіп Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының қағидаттарына қайшы келмейтін шамада, сұрау салушы тараптың процестік заңнамасында көзделген тәртіппен орындалады.

3. Сұрау салушы тараптың құзыретті органы бейнебайланысты жүргізу кезінде аудармашының қатысуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасы құзыретті органының сұрау салуы бойынша процестік әрекеттер осы бапта көзделген қағидалар бойынша бейнебайланыстың көмегімен жүргізіледі.

Мүлікті іздестіру, оған тыйым салу және оны тәркілеу

Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) негізінде Қазақстан Республикасының құзыретті органдары қылмыстық жолмен алынған мүлікті, ақша мен құндылықтарды, сондай-ақ күдіктілерге, айыпталушыларға немесе сотталған адамдарға тиесілі мүлікті анықтау және оған тыйым салу мақсатында осы Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізеді.

мүлікке тыйым салынған кезде сот осы мүлікке қатысты шешім қабылдағанға дейін оны сақтау мақсатында қажетті шаралар қамтамасыз етіледі, бұл туралы сұрау салушы тарапқа хабарланады.

3. Табылған мүлік сұрау салушы тараптың сұрау салуы бойынша

қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды жәбірленушіге өтеу үшін тәркілеу туралы шешім қабылдаған сұрау салушы тарапқа;

2) тәркіленген мүлікті немесе оның ақшалай баламасын бөлу мәселесін реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес беру туралы шешім қабылдауы мүмкін

оған тыйым салынуы және қылмыстық іс жүргізу бойынша дәлелдеме ретінде немесе иесіне қайтару үшін сұрау салушы тараптың құзыретті органына берілуі мүмкін;

2) егер бұл сұрау салушы тарап сотының заңды күшіне енген үкімінде немесе өзге де шешімінде көзделсе, тәркіленуі мүмкін.

Сұрау салушы тарап сотының мүлікті тәркілеу туралы үкімін немесе өзге де шешімін таңу

Бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтарын құру және олардың қызметі

Бірнеше мемлекеттің аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың мән-жайларына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін немесе осы мемлекеттердің мүдделері бұзылған болса, бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтары құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының және шет мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтарын құру туралы мәселені қарап, шешед

Тергеу (іздігіру) және өзге де процестік әрекеттерді аумағында іс жүргізіліп отырған нақ сол мемлекеттің бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобының мүшелері орындайды.

Бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобының мүшелері тікелей өзара іс-қимыл жасасады, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, процестік әрекеттерді жүргізудің негізгі бағыттарын келіседі, алынған ақпаратпен алмасады. Олардың қызметін үйлестіруді бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобын құрудың бастамашысы немесе оның мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды жіберу

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу, егер өздеріне байланысты адамды ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған қылмыстардың ең болмағанда біреуі үшін бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген немесе адам бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған және өтелмеген мерзімі кемінде алты айды құрайтын болса жіберіледі.

2. Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген талаптар сақталған жағдайда ғана қаралуы мүмкін.

3. Адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) және транзиттік тасымалдау туралы сұрау салулар адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салулар сияқты тәртіппен жіберіледі.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының құзыретті органына осы Кодексте немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген, адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) кедергі болуы мүмкін мән-жайлар болған кезде шет мемлекетке сұрау салуды жіберуден бас тартуға құқылы.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы құжаттарды дайындау және сұрау салуларды жіберу тәртібі

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайда және тәртіппен, қылмыстық процесті жүргізетін орган Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және оның аумағын тастап кеткен адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхатқа қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы өтінішхатпен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына өтініш жасайды.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхат жазбаша нысанда жасалады және онда:

- 1) іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органның атауы;
- 2) күдіктінің (сотталған адамның) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, азаматтығы туралы деректер, фотосуреттері;
- 3) жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін заңның мәтінін келтіріп, санкциясын міндетті түрде көрсете отырып, осы қылмыстың нақты мән-жайларының жазылуы;
- 4) заңды күшіне енген үкімнің не күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылған жері мен уақыты туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

*** 583-бап. Ұстап берілген (экстрадицияланған)
адамға қатысты қылмыстық іс жүргізу нәтижелері
туралы ақпарат беру**

**Прокурор сұрау салынатын тараптың
уәкілетті органын кейіннен хабардар ету үшін
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына
ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға
қатысты қылмыстық іс жүргізу нәтижелері
туралы хабар жібереді.**

*** 584-бап. Күзетпен ұстау мерзімдерін есептеу**

1. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға бұлтартпау шарасы ретінде қолданылатын күзетпен ұстау мерзімінің басталуы оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезінен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасына ұстап берілетін адамды шет мемлекеттің аумағында ұстап алу және күзетпен ұстау, сондай-ақ оны этаппен апару уақыты жаза тағайындау кезінде оны күзетпен ұстаудың жалпы мерзіміне есептеледі.

3. Уақытша ұстап беру (экстрадициялау) ішінде Қазақстан Республикасының аумағында адамды күзетпен ұстау уақыты осындай адамның Қазақстан Республикасы сотының үкімімен тағайындалған жазаны өтеу мерзіміне есептелмейді.





- * **585-бап. Транзит және уақытша ұстап беру (экстрадициялау) кезінде күзетпен ұстау**

Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды күзетпен ұстау немесе оған бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы шешімі:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік тасымалданатын;**
- 2) Қазақстан Республикасына уақытша берілген (экстрадицияланған) адамдарды Қазақстан Республикасының аумағында күзетпен ұстауға негіз болып табылады.**

586-бап. Ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылатын адамның құқықтары

1. Өзін шет мемлекетке ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселе қаралып отырған адамның:

- 1) өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу қандай қылмыс бойынша түскенін білуге;
- 2) қорғаушысының болуына және сөйлесудің құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайда онымен кездесуге, жауап алу кезінде қорғаушысының қатысуына;
- 3) ұстап алынған жағдайда – ұстап алынғаны және өзінің болатын жері туралы жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне немесе өзге адамдарға хабарлауға;
- 4) өзін күзетпен ұстауға және өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға байланысты мәселелерді соттың қарауына қатысуға;
- 5) ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салумен танысуға немесе оның көшірмесін алуға;
- 6) күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақты қолдану және ұстап беру жөніндегі сұрау салуды қанағаттандыру туралы шешімдерге шағым жасауға;
- 7) сот отырысында ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде өз пікірін білдіруге құқығы бар.



- * 2. Егер өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселе қаралып отырған адам шетелдік болып табылса және күзетпен ұсталса, онда оның өз мемлекетінің дипломатиялық немесе консулдық мекемесінің өкілімен кездесуге құқығы бар.



*

587-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктері

1. Шет мемлекет қылмыс жасағаны үшін іздестіріп жатқан адамды Қазақстан Республикасының аумағында ұстап алуды қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы осы Кодекстің 131-бабында көзделген тәртіппен жүргізеді.

2. Ұстап алынған адамның жеке басы, оның азаматтық тиесілігі жетпіс екі сағат ішінде анықталуға, іздестірудің бастамашысынан жасалған іс-әрекеттің мән-жайлары, оған сәйкес осы іс-әрекет қылмыс деп танылатын баптың мәтіні, құзыретті органның оны күзетке алу және оған іздестіру жариялау туралы шешімі, сондай-ақ адамды күзетке алу қажеттігі туралы растауы талап етіп алдырылуға тиіс.

3. Шет мемлекеттің құзыретті органының ұстап беру (экстрадициялау) туралы талап мәлімделгенге дейін адамды күзетке алу туралы өтінішхаты поштамен, телеграфпен, телекспен, факспен және өзге де байланыс түрлерімен жіберілуі мүмкін.

4. Ұстап алынған адам, егер:

1) ұстап алынған кезден бастап жетпіс екі сағат ішінде оны уақытша күзетпен ұстау туралы немесе оған қатысты экстрадициялық қамақты қолдану туралы өтінішхаттарды қарау үшін тергеу судьясына жеткізілмесе;

2) ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейтін мән-жайлар анықталса, ол дереу босатылады.

* 588-бап. Адамды уақытша күзетпен ұстау

- * 1. Ұсынылған материалдар зерделенгеннен кейін және ұстап алынған адам іздестіру жарияланған адам болып табылады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған және осы Кодекстің 590-бабында жазылған негіздер болмаған кезде прокурор адамды ұстап алудың жетпіс екі сағаттық мерзімі аяқталардан он екі сағат бұрын аудандық және оған теңестірілген сотқа осы адамға ол ұстап алынған кезден бастап қырық тәулік мерзімге немесе оны ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу түскенге дейін Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шартында белгіленген өзге де мерзімде уақытша күзетпен ұстауды қолдану туралы өтінішхат енгізеді.
- * 2. Өтінішхатқа:
 - * 1) адамды ұстап алу хаттамасы;
 - * 2) адамның шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасағаны және шет мемлекеттің құзыретті органы оған қатысты бұлтартпау шарасын таңдағаны туралы деректерді қамтитын құжаттар;
 - * 3) ұстап алынған адамның жеке басын растайтын құжаттар қоса тігіледі.
- * 3. Тергеу судьясы адамды ұстап алған кезден бастап дереу, бірақ жетпіс екі сағаттан кешіктірмей өтінішхатты қарайды және уақытша күзетпен ұстау туралы не уақытша күзетпен ұстаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.
- * 4. Тергеу судьясы уақытша күзетпен ұстаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған жағдайда, сонымен бір мезгілде қаулыны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау және облыстық немесе оған теңестірілген сотта істі қарау кезеңінде іздестіріліп жатқан адамды күзетпен ұстау туралы шешім қабылдайды.

- * 5. Тергеу судьясының осы қаулысына шағым жасау, оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау және оның заңдылығы мен негізділігін тексеру осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
- * 6. Адамды уақытша күзетпен қамау туралы прокурор ұстап беру (экстрадициялау) уақыты мен орны туралы ұсыныспен бірге ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтініді, экстрадициялық қамаққа алу туралы өтінішхатты жіберген немесе жіберуі мүмкін шет мемлекеттің мекемесіне дереу хабарлайды.
- * 7. Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі мұндай адамды күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он тәулік бұрын бұл туралы прокурорға хабарлауға міндетті.
- * 8. Уақытша күзетпен ұстау қолданылған адамды босатуды прокурор, егер:
 - * 1) сұрау салушы тараптан қырық тәулік ішінде ұстап беру (экстрадициялау) туралы талап келіп түспесе;
 - * 2) қырық тәулік ішінде экстрадициялық қамаққа алу қолданылмаса;
 - * 3) ұстап беру (экстрадициялау) мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар белгілі болса, жүзеге асырады.
- * 9. Адамды босату, егер адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу кеш түссе, сотқа оны осы Кодексте көзделген тәртіппен күзетпен қамауға алу және ұстап беру (экстрадициялау) туралы қайталама өтінішхатпен жүгінуге кедергі келтірмейді.
- * 10. Уақытша күзетпен ұстау мерзімі аяқталғанға дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен жағдайда, тергеу судьясының уақытша күзетпен ұстау туралы қаулысы осы адамға қатысты экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы қаулыны тергеу судьясы шығарған кезден бастап заңдық күшін жоғалтады.

* 589-бап. Экстрадициялық қамаққа алу

- * 1. Сұрау салушы тараптан іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды пошта, телеграф, телекс, факс және өзге де байланыс түрлері арқылы алғаннан кейін прокурор адамды күзетпен ұстау орны бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа ұстап беру (экстрадициялау) мақсатында адамға экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы өтінішхат енгізеді.
- * 2. Тергеу судьясының қарауына өтінішхатпен бірге:
 - * 1) шет мемлекеттің құзыретті органының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуының Қазақстан Республикасының тиісті орталық органы куәландырған көшірмесі;
 - * 2) адамның азаматтығы туралы құжаттар;
 - * 3) қолда бар экстрадициялық тексеру материалдары ұсынылады.
- * 3. Тергеу судьясы өтінішхатты қарайды және экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы не экстрадициялық қамаққа алуды қолданудан бас тарту туралы қаулы шығарады.
- * 4. Тергеу судьясы өтінішхатты қарау кезінде іздестіріліп жатқан адамның азаматтық тиесілігін, сондай-ақ кінәлілігі туралы мәселені зерттеместен және ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылып отырған адамға қатысты іс бойынша шет мемлекеттің құзыретті органдары қабылдаған процестік шешімдердің заңдылығын тексерместен, оны ұстап беруге (экстрадициялауға) сұрау салынуына байланысты іс-әрекет бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыс болып табылатынын-табылмайтынын тексереді

- * 5. Тергеу судьясының осы қаулысына шағым жасау және оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жүзеге асырылады, ол осы баптың төртінші бөлігіне сәйкес оның заңдылығы мен негізділігін тексереді
- * 6. Тергеу судьясы экстрадициялық қамаққа алуды қолданудан бас тарту туралы қаулы шығарылған жағдайда, сонымен бір мезгілде қаулыны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау және облыстық немесе оған теңестірілген сотта істі қарау кезеңінде іздестіріліп жатқан адамды күзетпен ұстау туралы шешім қабылдайды.
- * 7. Ұстап берілуге (экстрадициялануға) жататын адамға қатысты экстрадициялық қамаққа алу оны ұстап алған кезден бастап он екі ай мерзімге, ал сот үкімін орындауға келтіру үшін сұратылып отырған адамға қатысты - ол сұрау салушы мемлекетте сотталған мерзімнен аспайтын мерзімге қолданылады.
- * 8. Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі экстрадициялық қамаққа алу қолданылған адамды күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он тәулік бұрын бұл туралы прокурорға хабарлауға міндетті.
- * 9. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданғаннан кейін экстрадициялық қамаққа алудың он екі айлық мерзімі өткен жағдайда, егер:
 - * 1) ұстап берілген адамды ұстап беруді сұратып отырған мемлекеттің аумағына этаппен апаруды ұйымдастыру;
 - * 2) ұстап берілген адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру туралы қаулысына шағымын қарау үшін қосымша уақыт қажет болса, оны күзетпен ұстау мерзімін тергеу судьясы, ұстап берілген адамды шет мемлекетке нақты бергенге дейін прокурордың өтінішхаты бойынша, жасалуына ұстап беріліп отырған адам айыпталатын (күдіктелетін) қылмыс бойынша шет мемлекеттің қылмыстық заңының санкциясында көзделген бас бостандығынан айырудың ең көп мерзімі шегінде ұзартады.
- * 10. Экстрадициялық қамаққа алу қолданылған адамды босату прокурордың қаулысы негізінде, оның ішінде осы бапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да жүргізіледі, егер осы мерзімде ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмесе, бұл туралы дереу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына хабарланады.
- * 11. Адамды экстрадициялық қамаққа алудан босату, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, оны ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді орындау үшін шет мемлекетке адамды нақты беру мақсатында қайтадан қолдануға кедергі келтірмейді.

* 590-бап. Адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан)бас тарту

* 1. Егер:

- * 1) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өз азаматтарын ұстап беру (экстрадициялау) көзделмесе;
- * 2) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға негіз болған іс-әрекет Қазақстан Республикасында қылмыс болып танылмаса;
- * 3) ол үшін адамды ұстап беру (экстрадициялау) сұратылған қылмыс Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздемесе;
- * 4) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға Қазақстан Республикасы пана берсе;
- * 5) адамға қатысты нақ сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім шығарылса немесе іс бойынша іс жүргізу тоқтатылса;
- * 6) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу алынған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыстық қудалау бастала алмаса немесе үкім ескіру мерзімдерінің өтуі салдарынан немесе өзге де заңды негіздер бойынша орындауға келтіріле алмайтын болса;

- * 7) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға, Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайлардан басқа, сұрау салушы тарапта азаптауды қолдану қатеріне ұшырауы мүмкін не оның денсаулығына, өміріне немесе бостандығына нәсілдік белгісі, діни нанымы, ұлты, азаматтығы (бодандығы), белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігі немесе саяси сенімдері бойынша қауіп төніп тұр деп пайымдауға негіздер болса;
- * 8) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекеше айыптау тәртібімен ғана қудаланса;
- * 9) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы мемлекетпен арадағы халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әскери қылмыстарға жататын болса;
- * 10) шет мемлекеттің орталық органы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының талабы бойынша ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде шешім қабылдау онсыз мүмкін емес қосымша материалдарды немесе деректерді бермесе;
- * 11) адамды ұстап беру (экстрадициялау) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелеріне қайшы келсе;
- * 12) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де негіздер болса, адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) жол берілмейді.
- * 2. Егер адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған қылмыс Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерде жасалса, бірақ Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталса, ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тартылды мүмкін.

591-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу бойынша шешім

1. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары экстрадициялық тексеру материалдарын зерделегеннен кейін шет мемлекетке адамды ұстап беру (экстрадициялау) немесе ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бірнеше мемлекеттің адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы талаптары болған кезде адамның қай мемлекетке ұстап берілуге (экстрадициялануға) жататыны туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары қаулы нысанында қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары өзінің шешімі туралы шет мемлекеттің орталық органына, сондай-ақ осы шешім өзіне қатысты қабылданған адамға және оның қорғаушысына хабарлайды.

3. Ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған жағдайда, осы адамға қаулының көшірмесі табыс етіледі және қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасау құқығы түсіндіріледі.

4. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулы оған шағым жасау мерзімі өткеннен кейін орындауға енгізіледі. Қаулыға шағым жасалған жағдайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының қаулысы заңды күшіне енгізілгенге дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейді.

Өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның және оның қорғаушысының қатысуы бейнеконференция байланысының техникалық құралдары арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

5. Шет мемлекетке адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды жоққа шығармайтын негіздер бойынша бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шет мемлекеттің құзыретті органының өтінішхаты бойынша осы Кодексте көзделген тәртіппен осы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуді тапсырады.





592-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімге шағым жасау тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысына өзіне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы қаулының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасай алады.

2. Өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамды күзетпен ұстау орнының әкімшілігі шағымды алған соң жиырма төрт сағат ішінде оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жібереді және бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын хабардар етеді.

3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулыға шағым жасау туралы хабарлама келіп түскен кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына өзі қабылдаған шешімнің заңдылығы мен негізділігін растайтын материалдарды жібереді.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы шағымды алған күннен бастап бір ай ішінде адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеруді прокурордың, өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның және оның қорғаушысының қатысуымен ашық сот отырысында жүргізеді. Айрықша жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

5. Отырыстың басында төрағалық етуші қандай шағым қаралуға жататындығын хабарлайды, қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіреді. Содан кейін арыз иесі және (немесе) оның қорғаушысы шағымды негіздейді, осыдан кейін сөз прокурорға беріледі.

- * 6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы сотта қарау барысында осы адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкестігін тексерумен шектеліп, өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның кінәлілігі мәселесін зерттемейді және шет мемлекеттің құзыретті органдары қабылдаған процестік шешімдердің заңдылығын тексермейді.
- * 7. Тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай:
 - * 1) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы;
 - * 2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
 - * 3) адамды қамақта ұстау мерзімін кемінде бір ай мерзімге бір мезгілде ұзарта отырып, осы шешімді қабылдау үшін елеулі маңызы бар мәселелер қаралғанға дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді тоқтата тұру туралы қаулылардың бірін шығарады.
- * 8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою не шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулысы ол жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.
- * 9. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты оған қатысты ұстап беруді (экстрадициялауды) заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы қаулы шығарған адамды босату осы Кодекстің 589-бабының оныншы бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.



593-бап. Шет мемлекетке беруді кейінге қалдыру және адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау)

1. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары мынадай жағдайда, егер:

1) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адам Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып немесе жазасын өтеп жатса – сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға, жазасын өтегенге немесе жазадан қандай да бір заңды негіздер бойынша босатылғанға дейін;

2) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адам ауыр науқастан зардап шегіп жатса және оны өзінің денсаулық жағдайы бойынша денсаулығына зиян келтірмей ұстап беру (экстрадициялау) мүмкін болмаса – адам сауыққанға дейін шет мемлекетке оны нақты беру кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Адамды нақты беруді одан әрі кейінге қалдыру үшін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер болмаған жағдайда, ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға қатысты осы Кодексте белгіленген тәртіппен экстрадициялық қамаққа алу қолданылады.

3. Егер кейінге қалдыру кезеңінде адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) кедергі келтіруі мүмкін мән-жайлар туындаса, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы өз шешімін қайта қарауға құқығы бар.

4. Егер нақты беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуіне әкеп соқса немесе шет мемлекетте қылмысты тергеп-тексеруге залал келтірсе, ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылып отырған адам уақытша ұстап берілуі мүмкін.

5. Уақытша ұстап берілген (экстрадицияланған) адам ол үшін ұстап берілген (экстрадицияланған) қылмыстық іс бойынша процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін, бірақ адам берілген күннен бастап тоқсан тәуліктен кешіктірілмей қайтарылуға тиіс. Өзара уағдаластық бойынша осы мерзім ұзартылуы, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс үшін өтелмеген жазасының мерзімінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.



594-бап. Адамды беру (экстрадициялау)

1. Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысын алғаннан кейін отыз тәулік ішінде этаппен апаруды және ұстап берілген (экстрадицияланған) адамды ол ұстап берілген (экстрадицияланған) мемлекеттің тиісті органына беруді ұйымдастыруға және оның орындалғаны жөнінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына хабарлауға міндетті.

2. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамды беру уақытында шет мемлекеттің құзыретті органына оның Қазақстан Республикасында күзетпен ұстауда болу мерзімі туралы хабарланады.



595-бап. Транзиттік тасымалдау

1. Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің үшінші мемлекеттің осы мекемеге ұстап берген (экстрадициялаған) адамды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдау туралы сұрау салуы ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу сияқты тәртіппен қаралады.

2. Шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерінің транзиттік тасымалдау туралы сұрау салуларын қарау кезінде осы Кодекстің 590-бабында көзделген мән-жайлар ғана экстрадициялық тексеруге жатады.

3. Транзиттік тасымалдау тәсілін тиісті ведомстволармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары айқындайды.

61-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ

596-бап. Қылмыстық іс жүргізуді шет мемлекеттің құзыретті органына беру тәртібі мен шарттары

1. Қазақстан Республикасынан **тыс жерге** кеткен, шет мемлекетте тұрған **жері белгілі болған** адам Қазақстан Республикасының аумағында **қылмыс жасаған** жағдайда, қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке қылмыстық **іс материалдарын**, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы **сұрау салуды** (тапсырманы, өтінішхатты) жіберу туралы уәжді қаулы шығарады



Іс материалдары Қазақстан Республикасының **халықаралық шарттарына** сәйкес немесе **өзара түсіністік** қағидаты негізінде басқа мемлекетке істі жіберу туралы мәселені шешу үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы өтінішхатпен Қазақстан Республикасының **Бас Прокурорына** немесе **уәкілетті прокурорға** жіберіледі.

2. Қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адамды ұстап беру (экстрадициялау) **мүмкін болмаған** немесе Қазақстан Республикасына осы адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) **бас тартылған** жағдайда, қылмыстық іс шет мемлекетке берілуі мүмкін.



597-бап. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) мазмұны

1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салуда (тапсырмада, өтінішхатта):

1) шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің атауы;

2) қылмыстық процесті жүргізетін органның атауы;

3) Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шартына сілтеме;

4) оған байланысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма жіберілетін **іс-әрекеттің сипаттамасы**;

5) қылмыстың жасалу уақытын, орнын және мән-жайларын мейлінше неғұрлым нақты көрсету;

6) күдіктінің немесе сотталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен туған жері, оның азаматтығы, сондай-ақ оның жеке басы туралы басқа да мәліметтер;

7) қылмыспен келтірілген залалдың мөлшерін көрсету қамтылуға тиіс.



Розыск преступников



Фамилия: АЛМАГАМБЕТОВА

Имя: АКМАРАЛ

Отчество: АРГЫНОВНА

Дата рождения: 23.06.1987

Пол: Женский

Национальность: КАЗАХ

Документ: УДОСТОВЕРЕНИЕ ГРАЖДАНИНА РК

Номер: 035536842

Кем выдан: КУИС МВД

Дата выдачи: 20.08.2013

Орган, ведущий розыск: ДВД по Актобинской области

Телефон органа ведущего розыск: 7132936203

Телефон приемной: 7132936203


2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салуға (тапсырмаға, өтінішхатқа) мынадай құжаттар:

- 1) қылмыстық іс материалдары;
- 2) іс-әрекетті қылмыс деп тануға негіз болған қылмыстық заңның, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізу үшін едәуір маңызы бар басқа да заңнамалық нормалардың мәтіні;
- 3) адамның азаматтығы туралы мәліметтер қоса беріледі.

3. Істегі құжаттың әрбір беті қылмыстық қудалау органының **елтаңбалы мөрімен** куәландырылуға тиіс.

4. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салумен (тапсырмамен, өтінішхатпен) және осы баптың екінші бөлігінде көзделген құжаттармен бірге шет мемлекеттің құзыретті органына қолда бар заттай дәлелдемелер берілуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасында қылмыстық іс бойынша іс жүргізетін органда қылмыстық іс материалдарының көшірмелері сақталады.





598-бап. Шет мемлекеттерден қылмыстық іс жүргізуді қабылдау тәртібі мен шарттары

1. Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасында жүрген адамға қатысты қылмыстық қудалауды жалғастыру туралы сұрау салуын Қазақстан Республикасының **Бас Прокуроры** немесе **уәкілетті прокурор** қарайды.

2. Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінен қылмыстық іс жүргізуді қабылдау мынадай:

- 1) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылған және оның аумағында болған;
 - 2) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылған және Қазақстан Республикасының аумағында болған, ал оны ұстап беру (экстрадициялау) осы Кодекске немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес **мүмкін болмаған** немесе ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тартылған;
 - 3) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам Қазақстан Республикасында **үкім** шығарылған жағдайда, сұрау салушы тарапта нақ сол қылмыс үшін қудалануға жатпайтынына сұрау салушы тарап кепілдік берген;
 - 4) сұрау салуда көрсетілген іс-әрекет Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша қылмыс болып табылған жағдайларда жүзеге асырылады.
- 3.** Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салу қанағаттандырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Кодексте көзделген тәртіппен тиісті құзыретті органға сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді тапсырады, бұл туралы сұрау салушы тарапқа хабарлайды.

599-бап. Қылмыстық қудалауды жалғастырудан бас тарту

1. Егер:

1) осы Кодекстің [598-бабының](#) екінші бөлігінің немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартының талаптары сақталмаса;

2) Қазақстан Республикасында сот нақ осы адамға қатысты нақ сол қылмысқа байланысты ақтау үкімін шығарса;

3) Қазақстан Республикасында сот нақ осы адамға қатысты нақ сол қылмысқа байланысты айыптау үкімін шығарса, ол бойынша жаза өтелсе немесе орындалып жатса;

4) Қазақстан Республикасында нақ осы адамға қатысты нақ сол қылмысқа байланысты қылмыстық іс жүргізу тоқтатылса немесе ол кешірім немесе рақымшылық жасауға байланысты жазаны өтеуден босатылса;

5) қаралып отырған қылмысқа қатысты іс жүргізу ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін болмаса, қылмыстық іс жүргізуді **қабылдауға болмайды**.

2. Қылмыстық қудалауды жалғастырудан бас тартылған кезде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы **шет мемлекеттің орталық органына** бас тартудың негіздемесімен бірге материалдарды қайтарады.




600-бап. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салу (тапсырма, өтінішхат) алынғанға дейін адамды күзетпен ұстау

1. Шет мемлекеттің құзыретті органының өтінішхаты бойынша өзіне қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салу жіберілген адам Қазақстан Республикасының аумағында **күзетпен ұсталуы** мүмкін. Өтінішхатта адам қылмыстық жауаптылыққа тартылатын заңнама туралы мәліметтер: көзделген жазалау шарасын, күзетпен ұстау туралы қаулыға сілтемені және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салу қосымша ұсынылатынын көрсете отырып, қамтылуға тиіс.

Көрсетілген өтінішхат және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салу алынғанға дейін күзетпен ұстау туралы қаулы олардың түпнұсқаларын пошта арқылы немесе курьермен бір мезгілде жіберіп, коммуникацияның ғылыми-техникалық құралдары пайдаланыла отырып берілуі мүмкін.

2. Адамды күзетпен ұстау осы Кодекстің 588-бабында көзделген тәртіппен және қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес күзетпен ұсталатын адамды, егер осы адам ұстап алынған күннен бастап қырық тәулік ішінде Қазақстан Республикасының құзыретті органы қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салуды алмаса прокурор босатуға тиіс, бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына дереу хабарланады.



62-тарау. ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕР СОТТАРЫНЫҢ ҮКІМДЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫН ТАНУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

601-бап. Шет мемлекеттер соттарының Қазақстан Республикасында танылатын үкімдері мен қаулылары

1. Қазақстан Республикасында мынадай жағдайларда:

1) шет мемлекетте бас бостандығынан айыруға сотталған Қазақстан Республикасының азаматын жазасын өтеу үшін қабылдау кезінде;

2) шет мемлекеттің аумағында есі дұрыс емес күйде қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған, шет мемлекет сотының оған қатысты мәжбүрлеп емдеу жүргізу үшін медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімі бар Қазақстан Республикасының азаматын қабылдау кезінде;

3) Қазақстан Республикасына ұстап берілген, шет мемлекеттің соты соттаған және жазасын өтемеген адамға қатысты;

4) Қазақстан Республикасы шет мемлекетке ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тартқан, шет мемлекеттің соты соттаған адамға қатысты;

5) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті немесе оның ақшалай баламасын тәркілеу туралы мәселені шешу кезінде;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге жағдайларда, шет мемлекеттер соттарының **үкімдері мен қаулылары** осы Кодексте және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен танылуы және орындалуы мүмкін.

2. Шет мемлекет сотының үкімін азаматтық талап қою бөлігінде тану және орындау туралы мәселенің шешімі Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен шешіледі.

602-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды –жазасын өтеу үшін не психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарды мәжбүрлеп емдеу жүргізу үшін өздері азаматы болып табылатын мемлекетке беру негіздері

Қазақстан Республикасының тиісті шет мемлекетпен халықаралық шарты не Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шет мемлекеттің құзыретті органдарымен және лауазымды адамдарымен өзара келісім қағидаты негізінде қол жеткізген келісімі негізінде:

1) Қазақстан Республикасының соты бас бостандығынан айыруға соттаған шетелдік, сол сияқты шет мемлекеттің соты бас бостандығынан айыруға соттаған Қазақстан Республикасының азаматы – жазасын одан әрі өтеу үшін;

2) Қазақстан Республикасының аумағында қоғамдық қауіпті іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жазаны тағайындау немесе орындау мүмкін болмайтындай түрде психикасының бұзылуымен ауырған, өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы сотының шешімі бар шетелдік, сол сияқты шет мемлекеттің аумағында қоғамдық қауіпті іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жазаны тағайындау немесе орындау мүмкін болмайтындай түрде психикасының бұзылуымен ауырған, өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шет мемлекет сотының шешімі бар Қазақстан Республикасының азаматы – мәжбүрлеп емдеуден одан әрі өтуі үшін өздерінің азаматтығы тиесілі мемлекетке берілуі мүмкін.

603-бап. Сотталған адамды немесе өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды беру шарттары

1. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген шетелдіктерді беруге сотталған адамның немесе өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның, олардың заңды өкілдерінің немесе жақын туыстарының өтінішхаты бойынша, сондай-ақ сотталған адамның не өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның келісімімен, ал ол өз еркін білдіруге қабілетсіз болған жағдайда оның заңды өкілінің келісімімен тиісті мемлекеттің құзыретті органының өтінуі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтегенге не мәжбүрлеп емдеу аяқталғанға дейін жол беріледі.

2. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген шетелдіктерді беру үкім немесе қаулы шығарған сотқа болып өткен беру туралы хабарлайтын Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша, сот үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енгізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.



604-бап. Сотталған адамды немесе өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды беру туралы мәселені шешу тәртібі

1. Егер сотталған адам шет мемлекеттің азаматы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі сотталған адамға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына немесе өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органына өзін осы Кодексте көзделген негізде және тәртіппен сол мемлекетте жазасын өтеу үшін беру туралы өтінішхатпен жүгіну құқығын түсіндіреді.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры материалдарды зерделегеннен және тексергеннен кейін олар тиісінше ресімделген жағдайда және осы Кодексте немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген негіздер болған кезде осы Кодекстің 602-бабында көрсетілген шетелдік азаматтарды беруге қатысты шешім қабылдайды, ол туралы шет мемлекеттің тиісті органына және өзінің бастамасы бойынша осы адамды беру туралы мәселе қаралған адамға хабарлайды.

3. Шет мемлекеттің уәкілетті органынан сотталған адамды жазасын өтеу үшін немесе өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды қабылдауға келісетіні туралы ақпаратты алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы тиісінше қылмыстық-атқару жүйесінің органына осы адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын медициналық ұйымнан шет мемлекетке беру орнын, уақыты мен тәртібін келісу және беруді ұйымдастыру туралы тапсырма береді.

4. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген шетелдіктерді беру оларды шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру, кешірім жасау, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату немесе өзгерту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтінішхат беру құқығынан айырмайды. Осы мәселені Қазақстан Республикасында қарау үшін қажетті кез келген құжат немесе ақпарат үкімді орындайтын немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мемлекеттің құзыретті органдарынан Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арқылы сұратылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы үкім шығарған сотқа сотталған адамды беру туралы қабылданған шешім туралы хабарлайды, сондай-ақ сотты шет мемлекетте үкімді орындау нәтижелері туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.


6. Қазақстан Республикасында рақымшылық жарияланған жағдайда, сотталған адамды беру туралы ақпаратты алған сот мұндай сотталған адамға рақымшылық жасау туралы мәселені осы бапқа сәйкес қарайды. Қажет болған жағдайда, сот үкімді орындайтын мемлекеттің құзыретті органдарынан рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені қарау үшін қажетті ақпарат алу мақсатында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына өтініш жасай алады.

7. Осы баптың төртінші және алтыншы бөліктеріне сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру, кешірім немесе рақымшылық жасауды қолдану, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату немесе өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы тиісті шешімнің көшірмесін үкімді орындайтын немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мемлекетке жібереді.

605-бап. Шет мемлекеттің берілген азаматына қатысты соттың үкімін өзгерту немесе оның күшін жою, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату немесе өзгерту туралы хабарлау

1. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген, жазасын өтеу немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру үшін шет мемлекетке берілген шетелдіктерге қатысты Қазақстан Республикасы сотының үкімі өзгерген немесе оның күші жойылған, Қазақстан Республикасының соты тағайындаған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану тоқтатылған немесе өзгертілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сотталғандарға рақымшылық немесе кешірім жасау актісі қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы шет мемлекеттің уәкілетті органына тиісті шешімнің көшірмесін жібереді.

2. Егер үкімнің күші жойылса және жаңа сот талқылауы тағайындалса, ол үшін қажетті өзге де құжаттар бір мезгілде жіберіледі.



606-бап. Шет мемлекетке сотталған адамды немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды беруден бас тарту

1. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген шетелдіктерді беруден, егер:

1) адам сол үшін сотталған немесе оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған іс-әрекеттердің бірде-бірі сотталған адам немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық болып танылмаса;

2) сотталған адамды немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды халықаралық шартта көзделген жағдайларда беру туралы келісімге қол жеткізілмесе;

3) егер сотталған адамды немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамды беру Қазақстан Республикасының мүддесіне нұқсан келтірсе;

4) сотталған адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болса;

5) егер берілетін адам үкімді орындайтын мемлекеттің азаматы болып табылмаса, бас тартылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының соты бас бостандығынан айыруға соттаған шетелдікті беруден, осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген негіздерден басқа, егер:

1) жаза шет мемлекетте ескіру мерзімінің өтуі салдарынан немесе осы мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіз бойынша орындалуы мүмкін болмаса;

2) сотталған адамды беру туралы өтінішті алған кезде бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі алты айдан аз болса;

3) сотталған адамнан немесе шет мемлекеттен үкімді азаматтық талап қою бөлігінде орындау кепілдігі алынбаса, бас тартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының аумағында есі дұрыс емес күйде қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған, өзіне қатысты Қазақстан Республикасы сотының медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімі бар шетелдікті беруден, осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген негіздерден басқа, егер:

1) шет мемлекеттің заңнамасында медициналық сипаттағы ұқсас шаралар көзделмесе;

2) шет мемлекеттің қажетті емдеуді және тиісті қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаса, бас тартылуы мүмкін.

607-бап. Қазақстан Республикасының азаматын жазасын өтеу немесе мәжбүрлеп емдеуді жүргізу үшін қабылдау, сондай-ақ шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын тану және орындау туралы өтінішхатты қарау

1. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары, олардың заңды өкілдері немесе жақын туыстары, сондай-ақ шет мемлекеттің құзыретті органдары сотталған адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның келісімімен, ал ол өз еркін білдіруге қабілетсіз болған жағдайда – оның заңды өкілінің келісімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына сотталған адамның Қазақстан Республикасында жазаны өтеуі немесе оған мәжбүрлеп емдеу жүргізу туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

2. Шет мемлекеттің құзыретті мекемелері шет мемлекет сотының осы Кодекстің [601-бабы](#) бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарында көрсетілген адамдарға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті немесе оның ақшалай баламасын тәркілеуді көздейтін сот актілерін тану және орындау туралы өтінішхатпен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жүгіне алады.

3. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау туралы өтінішхатты Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының алдында қозғағаннан кейін осы адамның Қазақстан Республикасында жазасын кейіннен өтеуі немесе оған мәжбүрлеп емдеуді жүргізуі және Қазақстан Республикасының азаматтығын растауы үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы шет мемлекеттің тиісті органынан мәселені мәні бойынша шешу үшін қажетті құжаттарды сұратады.

4. Осы баптың бірінші, екінші бөліктерінде көзделген өтінішхаттар қанағаттандырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын тану және орындау туралы ұсынуды өздеріне қатысты шет мемлекет сотының үкімі немесе қаулысы шығарылған адамдардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша аудандық немесе оған теңестірілген сотқа енгізеді. Осы адамдардың тұрақты тұрғылықты жері болмаған кезде, ұсыну Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орналасқан жері бойынша аудандық сотқа енгізіледі.



ша-бап. Шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын орындауға байланысты мәселелерді соттың шешу тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуын судья үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сот отырысында сотталған адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның қатысуынсыз қарайды.

2. Судьяның шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын орындау туралы қаулысында:

1) шет мемлекет сотының атауы, үкімнің немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулының шығарылған уақыты мен орны;

2) сотталған адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамның Қазақстан Республикасындағы соңғы тұрғылықты жері, оның сотталғанға немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғанға дейінгі жұмыс орны және айналысқан кәсібінің түрі туралы мәліметтер;

3) адам жасалуына кінәлі деп танылған қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы және оның қандай қылмыстық заңның негізінде сотталғандығы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғандығы;

4) сотталған адам немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы;

5) жазаның (негізгі және қосымша) түрі мен мерзімі, сотталған адам Қазақстан Республикасында өтеуге тиіс жазаның басталу және аяқталу мерзімі; қылмыстық-атқару мекемесінің түрі, талап қою бойынша залалды өтеудің тәртібі; мәжбүрлеп емделіп жатқан адамға қатысты қолданылуға жататын медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрі көрсетілуге тиіс.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңы бойынша осы қылмыс үшін бас бостандығынан айырудың шекті мерзімі шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалғаннан аз болса, судья осы іс-әрекетті жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген ең жоғары мерзімін белгілейді. Егер бас бостандығынан айыру жаза ретінде көзделмесе, судья осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген шекте және шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалғанға мейлінше сәйкес келетін басқа жазаны айқындайды.

4. Егер үкім екі немесе бірнеше іс-әрекетке қатысты болса, Қазақстан Республикасында олардың барлығы бірдей қылмыс деп танылмаса, судья шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаның қай бөлігі қылмыс болып табылатын іс-әрекетке қолданылатынын айқындайды.

5. Жазаны орындау туралы мәселені қарау кезінде сот тиісті өтінішхат болған жағдайда, шет мемлекет сотының үкімін азаматтық талап қою және процестік шығындар бөлігінде орындау туралы мәселені бір мезгілде шеше алады.

6. Шет мемлекет сотының үкімінің немесе қаулысының күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайда, не шет мемлекетте не Қазақстан Республикасында шығарылған рақымшылық немесе кешірім жасау актісін Қазақстан Республикасында жазасын өтеп жүрген не мәжбүрлеп емделіп жатқан адамға қолданғанда, соттың қайта қаралған үкімін немесе қаулысын орындау, сондай-ақ рақымшылық немесе кешірім жасауды қолдану мәселелері осы баптың қағидалары бойынша шешіледі.

7. Егер сот Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуын қарау кезінде адам жасағаны үшін сотталған не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыс болып табылмайды деген қорытындыға келсе не шет мемлекет сотының үкімі немесе қаулысы ескіру мерзімінің өтуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де негіз бойынша орындала алмаса, ол шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын танудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

8. Соттың қаулысына заңды күшіне енген сот шешімін қайта қарау бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасауға немесе наразылық білдіруге болады.

609-бап. Қабылданған адамдарға қатысты жазаны орындауды немесе мәжбүрлеп емдеуді ұйымдастыру

1. Қазақстан Республикасының азаматын жазасын өтеу немесе мәжбүрлеп емдеуді жүргізу үшін қабылдау туралы сұрау салу қанағаттандырылғаннан және осындай беруге шет мемлекеттің уәкілетті органының келісімі алынғаннан кейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы адамды Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын медициналық ұйымға беру орнын, уақытын және тәртібін келісу және беруді ұйымдастыру туралы тапсырманы қылмыстық-атқару жүйесінің органына береді.

2. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген, Қазақстан Республикасының қабылданған азаматтарына қатысты Қазақстан Республикасында жазаны орындау немесе мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Кодекстің [602-бабында](#) көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын шартты түрде босату, рақымшылық қолданылуы немесе кешірім жасау, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату немесе оны өзгерту жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы өзінің соты үкім немесе қаулы шығарған мемлекеттің уәкілетті органына жазаны немесе мәжбүрлеп емдеуді орындаудың жай-күйі мен нәтижелері туралы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазаны өтеуді немесе мәжбүрлеп емдеуді аяқтаған;



610-бап. Шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын өзгерту немесе оның күшін жою туралы хабар

1. Шет мемлекет сотының үкімін немесе қаулысын қайта қарауға байланысты кез келген мәселелерді үкім немесе қаулы шығарған мемлекеттің соты шешеді.
2. Шет мемлекет сотының үкімі немесе қаулысы өзгертілген немесе оның күші жойылған жағдайда, осы шешімді орындау туралы мәселе осы Кодексте көзделген тәртіппен қарастырылады.
3. Егер шет мемлекет соты үкімінің немесе қаулысының күші жойылса және жаңа сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе жаңа сот талқылауы тағайындалса, қылмыстық іс жүргізуді кейіннен жүргізу туралы мәселені Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Кодекске сәйкес шешеді.



611-бап. Халықаралық сот мекемелерінің үкімдерін тану және орындау

Халықаралық сот мекемелерінің үкімдерін Қазақстан Республикасында тану және орындау, соттар бас бостандығынан айыруға соттаған адамдарды қабылдау Қазақстан Республикасының халықаралық шарты негізінде осы Кодекстің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

*Орындағандар :

Ержан Нұргүл

Бейбіт Айдын

Болатбек Еркежан

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!